



Н.Қ. ТОҚСАНБАЕВА

ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

ӨЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Н.Қ. Токсанбаева

ПСИХОЛОГИЯНЫ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Екінші басылым

Алматы
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.3
Т 53

*Бастаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті философия және саясаттану факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
(№6 хаттама 18 шілде 2024 жыл)
шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

психология ғылымдарының докторы, профессор **З.Б. Мабаалиева**
психология ғылымдарының докторы, профессор **М.А. Перленбетов**
психология ғылымдарының докторы, профессор **М.А. Еркінбекова**

Тоқсанбаева Н.К.

Т 53 Психологияны оқыту әдістемесі: оқу құралы /
Н.Қ. Тоқсанбаева. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті,
2025. – 194 б.

ISBN 978-601-04-6988-4

Оқу құралында психологияны оқытудың әдістері мен теориялары, оқу іс-әрекеті, дамыта оқыту, белсенді оқыту жүйесі қамтылған. Сондай-ақ студенттердің психологиялық кәсіби қорының бағыттылығын қалыптастыруға белсенді әдістерді қолдану негізіндегі сабақтардың барлық тәжірибе түрлері (ләріс, семинарлар, тәжірибе және зертханалық сабақтар) тәжірибелік іс-әрекеттегі теориялық білім арқылы қарастырылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындары мен колледждің студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, психологтарға арналған.

**ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.3**

ISBN 978-601-04-6988-4

© Тоқсанбаева Н.К., 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Еліміз Егемендік алып, Тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастыққа танылып, жаңа демократиялық қоғамның дүниеге келуі, Қазақстанда психология ғылымының жаңа бағытта сипат алуына кен жол ашып отыр. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, ақыл-ой, мәдени дамуының жоғарғы деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз процесі» деп атап көрсетілген. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере отырып, студенттің білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу – оқу орындарын тіршілігіндегі осы үздіксіз тәрбие процесінің ғана жемісі болмақ.

Осы жылдарға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында республиканың әлемдік білім кеңістігіне енуін ескере отырып, оқытудың мазмұны мен барлық әдістемелік жүйесін қайта қарау қажеттілігі, сондай-ақ оқыту жүйесінің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің міндеттері атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі саясатының мақсаты – жан-жақты, білімді, шығармашылық қабілетті, танымдық белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Дарынды, білімді жастар ғана егемендігіміздің ертенін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-